**"Астық нарығын реттеу және мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 18-03/276 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 маусымдағы № 169, "Астық нарығын реттеу және мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 18-03/277 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 маусымдағы № 170 бірлескен бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 15-07/124 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 09 сәуірдегі № 01-04-03/39 НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 мамырда № 8451 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 3 шілдедегі № 15-03/609 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 522 Бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 03.07.2015 № 15-03/609 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 10.07.2015 № 522 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 4-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының кейбір бірлескен бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Астық нарығын реттеу және мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 18-03/276 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 маусымдағы № 169 бірлескен бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7067 тіркелген , 2011 жылғы 23 шілдедегі № 309-316 (26710) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық нарығын реттеу бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бақылау субъектілерін тәуекел топтарына бөлу бастапқы бөлу кезінде объективті өлшемдер және кейінгі бөлу кезінде субъективті өлшемдер негізінде жүзеге асырылады.

Бастапқы бөлу кезінде бақылау субъектілері 2 тәуекел дәрежесі топтарына бөлінеді:

1) жоғары тәуекел дәрежесіне астық қабылдау кәсіпорындары жатады;

2) төмен тәуекел дәрежесіне астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар жатады.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы жоспарлы тексерулер жүргізуге тыйым салынады.»;

Астық нарығын реттеу бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдеріне қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерінде :

2-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсететін мақта өңдеу ұйымдары;»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы жоспарлы тексерулер жүргізуге тыйым салынады.»;

Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы

тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2) «Астық нарығын реттеу және мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 18-03/277 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 маусымдағы № 170 бірлескен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7068 тіркелген, 2011 жылғы 23 шілдедегі № 309-316 (26710) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрыққа 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми Интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі* | *Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі* |
| ____________ А. Мамытбеков | _____________ Б. Сағынтаев |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2013 жылғы 20 наурыздағы
№ 15-07/124
және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 09 сәуірдегі
№ 01-04-03/39 НҚ
бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Астық нарығын реттеу бойынша жеке
кәсіпкерлік саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау өлшемдеріне
қосымша

# Тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

| № | Өлшемдер атауы | Өлшемдердің талаптарға сәйкес келмеуі балдармен бағаланады |
|---|---|---|
| Астық қабылдау кәсіпорындары | | |
| 1 | Белгіленген нысан бойынша автомобильдер және темір жолдар таразысында жүктерді өлшеуді тіркеу журналын толтыру* | 5 |
| 2 | Тауарлық-көліктік жүкқұжаттарының болуы | 5 |
| 3 | Орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындай отырып, белгіленген нысан бойынша автомобиль көлігімен қабылданған астыққа жүкқұжаттар тізілімін жасау* | 10 |
| 4 | Белгіленген нысан бойынша астықтың зертханалық талдау нәтижелерін тіркеу журналын толтыру* | 5 |
| 5 | Белгіленген нысан бойынша астықты тазалау, кептіру актілерін жасау* | 5 |
| 6 | Астықтың сандық-сапалық есебінің кітабын жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау | 20 |
| 7 | Астықтың сандық-сапалық есебінің нысандарын, журналдарын және кітаптарын сақтаудың белгіленген мерзімдерін сақтау* | 5 |
| 8 | Астықты тиеп жөнелтуге алынған бұйрықтардың есебі журналын толтыру | 5 |
| 9 | Белгіленген нысан бойынша астық қолхаттарының тізілімін жасау** | 20 |
| 10 | Астық қолхаттарын беруге және ресімдеуге, сондай-ақ астық қолхаттарының тізілімін жүргізуге жауапты тұлғаларды анықтайтын ішкі құжаттың болуы | 5 |
| 11 | Таза және бүлінген, сондай-ақ өтелген астық қолхаттары бланкілерін сақтауға жауапты тұлғаларды анықтайтын ішкі құжаттың болуы | 5 |
| 12 | Астық қолхаттарының таза бланкілерін тікелей астық қабылдау кәсіпорнында сақтау | 5 |
| 13 | Астық қолхаттарының бүлінген бланкілерін астық қабылдау кәсіпорнында бес жыл сақтау | 5 |
| 14 | Өтелген астық қолхаттарын астық қабылдау кәсіпорнында бес жыл сақтау | 5 |
| 15 | Астықты сақтау кезінде біртекті партиядан алынған орташа сынама бойынша айына бір рет толық техникалық талдау жүргізілгенін растайтын құжаттың болуы | 3 |
| 16 | Астықты сақтаудың қысқы жағдайына ауыстыру бойынша іс-шараларды уақытында жүргізу | 10 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 17 | Астық қоймалары алаңының (астық қабылдау пунктінің) 10 %-ы көлемінде бос қойма сыйымдылығының, элеваторларда – сүрлем үстіндегі транспортердің әрқайсысына ең кемінде бір бос сүрлемнің болуы | 5 |
| 18 | Астық қоймаларының және оның барлық технологиялық желілерінің жарамды күйі | 5 |
| 19 | Астықты зиянкестермен залалдануына бақылауды уақытылы жүргізуді растайтын құжатты толтыру | 10 |
| 20 | Сақтаудағы астықтың температурасын бақылауды уақытылы жүргізуді растайтын құжатты толтыру | 10 |
| 21 | Астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету | 20 |
| 22 | Астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының немесе астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы | 10 |
| 23 | Астық қоймасында (элеваторға, астық қабылдау пунктіне) меншік құқығын растайтын құжаттың болуы | 10 |
| 24 | Үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша мүлікті кепілге салудың жоқтығын растайтын құжаттардың болуы | 10 |
| 25 | Астықтың кез келген көлемін (мемлекеттік ресурстардың астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындары үшін) тиеп-жөнелтуді астық нарығы саласындағы уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжаттың болуы | 10 |
| 26 | Технологиялық жабдықтың (астық тазалау машиналары, астық кептіру жабдығы), салыстырып тексерілген таразы жабдығы, тиеу-түсіру құрылғылары, көтергіш-көлік жабдығы, жылжымалы көлік жабдығының болуы | 20 |
| 27 | Сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған ақаусыз жабдықтың болуы | 10 |
| 28 | Астық сапасын айқындауға арналған, өлшеулер жай-күйі бағалаудан өткен және: типін бекіту мақсатында сынақтардан немесе метрологиялық аттестаттаудан өткен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енгізілген және белгіленген тәртіппен тексерілген зертханалық жабдықпен және аспаптармен (ылғал өлшегіштермен, кептіру шкафтарымен, зертханалық таразылармен, дәнді ұнтақтауға арналған диірмендермен, елеуіштер жиынтығымен, сынама іріктегіштермен, ыдыстармен, ақуыз құрамын, дән маңызының құрамы мен сапасын, құлау санын анықтауға арналған құрылғылармен, астықтың залалдануын анықтауға арналған оптикалық аспаптармен), астық үлгілерін сақтауға арналған сөрелермен жабдықталған өндірістік-технологиялық зертхананың болуы ( зертханадағы өлшеу құралдарының жай-күйі туралы куәліктің көшірмесі ұсынылады ) | 20 |
| 29 | Тиісті білімі бар техникалық басшылардың білікті құрамының болуы | 5 |
| 30 | Тиісті білімі бар техникалық мамандардың білікті құрамының болуы | 5 |
| 31 | Өткізу режимінің болуы | 3 |
| 32 | Аумақ қоршауының болуы | 3 |
| Астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар | | |
| 33 | Зертхананың аккредиттеу аттестатының болуы | 10 |
| 34 | Сынама іріктен актілерінің болуы | 5 |
| 35 | Астық сынамасын тіркеу журналының болуы | 3 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 36 | Белгіленген нысан бойынша сынамалар хаттамаларын толтыру немесе тігілген, нөмірленген және зертхана меңгерушісінің қолымен бекітілген сынама нәтижелерін тіркеу журналын толтыру*** | 3 |
| 37 | Белгіленген нысан бойынша астық сапасы паспорттарын ресімдеу*** | 10 |
| 38 | Берілген астық сапасы паспортттарының көшірмелерінің белгіленген сақтау мерзімін сақтау | 5 |
| 39 | Астық сапасы паспортының әрекет ету мерзімінің ішінде жөнелтілген және сақтаудағы партияларға буып-түйген және мөрлеген астық сынамаларын сақтау | 5 |
| 40 | Буып-түйген және мөрлеген астық сынамаларын сапа бойынша келіспеушіліктер кезінде – түсініспеушіліктерді қарауды толық аяқтағанға дейін сақтау | 5 |

Ескертпе:

* - «Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1676 қаулысы;

** - «Астық қолхаттарының берілуі, айналымы және өтелу қағидаларын, астық қолхаттарының үлгісіне және астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, Астық қолхаттары бланкілерін шығару, сатып алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1395 қаулысы;

*** - «Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі № 337 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2013 жылғы 20 наурыздағы
№ 15-07/124
және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 09 сәуірдегі
№ 01-04-03/39 НҚ
бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне қосымша

# Тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

| № | Өлшемдер атауы | Өлшемдердің талаптарға сәйкес келмеуі балдармен бағаланады |
|---|---|---|
| Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсететін мақта өңдеу ұйымдары | | |
| 1 | Мақта қабылдау пунктіне келіп түсетін шитті мақтаға тауарлық-көліктік жүк құжаттарының болуы | 5 |
| 2 | Белгіленген нысан бойынша мақта шикізатын қабылдау кезіндегі таразы журналын толтыру* | 5 |
| 3 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаны талдау карточкаларын және шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналын толтыру* | 5 |
| 4 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы түбіртектерді ресімдеу* | 5 |
| 5 | Бір күндік жиынтық деректер қабылданған шитті мақтаның әрбір партиясы бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы түбіртектерден күн сайын шитті мақтаның сандық-сапалық есеп кітабына жазу | 20 |
| 6 | Шитті мақтаны қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына қабылдауды және жөнелтуді салыстырып тексеру актілерінің болуы | 5 |
| 7 | Белгіленген нысан бойынша мақта талшығын бумалап өлшеуді ресімдеу* | 5 |
| 8 | Белгіленген нысан бойынша өндірістен түскен қайта өңдеу өнімдерінің есебі журналын толтыру* | 5 |
| 9 | Белгіленген нысан бойынша қайта өңдеу және дайын өнімнің түсуі туралы есептерді ресімдеу* | 5 |
| 10 | Тиеп жөнелтуге алынған шешімдердің есебі журналының болуы | 5 |
| 11 | Мақтамен жүргізілген операцияларды көрсететін құжаттарды сақтаудың белгіленген мерзімдерін сақтау* | 5 |
| 12 | Шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар болуын түгендеудің жүргізілгенін растайтын түгендеу тізімдемелерінің болуы | 5 |
| 13 | Белгіленген нысан бойынша мақта қолхаттарының тізілімін толтыру** | 20 |
| 14 | Мақта тазалау зауытынына меншік құқығын растайтын құжаттың болуы | 10 |
| 15 | Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының болуы | 10 |
| 16 | Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтың технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтардың болуы | 5 |
| 17 | Мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхананың болуы | 5 |
| 18 | Шитті мақтаны жинақтауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңның болуы | 5 |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 19 | Астық қабылдау кәсіпорнында сынамаларды іріктеуге және шитті мақтаның сапасын анықтауға арналған зертханалық жабдықтың болуы | 5 |
| 20 | Техникалық басшылардың білікті құрамының болуы | 5 |
| 21 | Техникалық мамандардың білікті құрамының болуы | 5 |
| 22 | Өткізу режимінің болуы | 3 |
| 23 | Аумақ қоршауының болуы | 3 |
| Мақта талшығына сараптама жүргізетін және мақта талшығы сапасының паспортын беретін сарапшы ұйымдар | | |
| 24 | Белгіленген талаптарға сәйкес келетін мақта талшығын классерлік бағалауға арналған меншік құқығындағы немесе мүліктік жалдауындағы үй-жайдың болуы*** | 20 |
| 25 | Мақта талшығының сыртқы түрінің стандартты үлгілерінің бекітілген немесе Қазақстан Республикасында қолдануға жол берілген жиынтығының болуы | 5 |
| 26 | Автоматтандырылған мақта талшығын сынау жүйесіне функционалды және техникалық қызмет көрсететін білікті мамандардың болуы | 5 |
| 27 | Тиісті арнайы білімі бар мақта жөніндегі білікті сарапшылардың (классерлердің) болуы | 5 |
| 28 | Мақта талшығының сынамаларын бумалап іріктеп алуды тіркеу журналын толтыру | 5 |
| 29 | Мақта талшығының сынамаларын қабылдау журналын толтыру | 5 |
| 30 | Белгіленген нысан бойынша мақта талшығы сапасының паспортын ресімдеу*** | 5 |
| 31 | Мақта талшығының сынамалары сынақтан өткізгеннен кейін мақта талшығының иесі партияны тиеп жөнелткенге дейін сарапшы ұйымның зертханасында сақталуы | 5 |
| Мақта сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар | | |
| 32 | Зертхананың аккредиттеу аттестатының болуы | 10 |
| 33 | Сынама іріктеу актілерінің болуы | 5 |
| 34 | Белгіленген нысан бойынша мақта шитінің сынамаларын тіркейтін журналды толтыру**** | 5 |
| 35 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді тіркеу журналын толтыру**** | 5 |
| 36 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді түсінікті етіп және түзетулерсіз ресімдеу**** | 5 |
| 37 | Шитті мақтаның сапасы туралы берілген куәліктердің көшірмелерін бір жыл сақтау | 5 |
| 38 | Сапа туралы куәліктің әрекет ету мерзімі ішінде тиеп жөнелтілген және сақтаудағы партияларға шитті мақтаның сынамаларын сақтау | 5 |
| 39 | Сапа бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда – тиеп жөнелтілген және сақтаудағы партияларға шитті мақтаның сынамаларын сақтау келіспеушіліктерді қарау толығымен аяқталғанға дейін сақталады | 5 |

Ескертпе:

* - «Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 773 қаулысы;

** - «Мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 1602 қаулысы;

*** - «Сарапшы ұйымға қойылатын біліктілік талаптарын және Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығы сапасының паспортын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы № 1173 қаулысы;

**** - «Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 868 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2013 жылғы 20 наурыздағы
№ 15-07/124
және Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Өңірлік даму министрінің
2013 жылғы 09 сәуірдегі
№ 01-04-03/39 НҚ
бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2011 жылғы 19 мамырдағы № 18-03/277
және Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда министрінің м.а.
2011 жылғы 16 маусымдағы № 170
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Нысан

## Астық нарығын реттеу бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағы

Органның атауы ______________________________________________

______________________________________________

Тексеруді тағайындау туралы акті ______________________________

(№, күні)

Субъектінің атауы ____________________________________________
Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі _______________
Субъектінің орналасқан жерінің мекенжайы ___________________________
_____________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Қойылатын талаптарға сәйкес келеді | Қойылатын талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| Астық қабылдау кәсіпорындары | | | |
| 1 | Белгіленген нысан бойынша автомобильдер және темір жолдар таразысында жүктерді өлшеуді тіркеу журналын толтыру* | | |
| 2 | Тауарлық-көліктік жүкқұжаттарының болуы | | |
| 3 | Орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындай отырып, белгіленген нысан бойынша автомобиль көлігімен қабылданған астыққа жүкқұжаттар тізілімін жасау* | | |
| 4 | Белгіленген нысан бойынша астықтың зертханалық талдау нәтижелерін тіркеу журналын толтыру* | | |
| 5 | Белгіленген нысан бойынша астықты тазалау, кептіру актілерін жасау* | | |
| 6 | Астықтың сандық-сапалық есебінің кітабын жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау | | |
| 7 | Астықтың сандық-сапалық есебінің нысандарын, журналдарын және кітаптарын сақтаудың белгіленген мерзімдерін сақтау* | | |
| 8 | Астықты тиеп жөнелтуге алынған бұйрықтардың есебі журналын толтыру | | |
| 9 | Белгіленген нысан бойынша астық қолхаттарының тізілімін жасау** | | |
| 10 | Астық қолхаттарын беруге және ресімдеуге, сондай-ақ астық қолхаттарының тізілімін жүргізуге жауапты тұлғаларды анықтайтын ішкі құжаттың болуы | | |
| 11 | Таза және бүлінген, сондай-ақ өтелген астық қолхаттары бланкілерін сақтауға жауапты тұлғаларды анықтайтын ішкі құжаттың болуы | | |
| 12 | Астық қолхаттарының таза бланкілерін тікелей астық қабылдау кәсіпорнында сақтау | | |
| 13 | Астық қолхаттарының бүлінген бланкілерін астық қабылдау кәсіпорнында бес жыл сақтау | | |
| 14 | Өтелген астық қолхаттарын астық қабылдау кәсіпорнында бес жыл сақтау | | |
| 15 | Астықты сақтау кезінде біртекті партиядан алынған орташа сынама бойынша айына бір рет толық техникалық талдау жүргізілгенін растайтын құжаттың болуы | | |
| 16 | Астықты сақтаудың қысқы жағдайына ауыстыру бойынша іс-шараларды уақытында жүргізу | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Астық қоймалары алаңының (астық қабылдау пунктінің) 10 %-ы көлемінде бос қойма сыйымдылығының, сүрлем-силос үстіндегі транспортердің әрқайсысына ең кемінде бір бос сүрлемнің болуы | | |
| 18 | Астық қоймаларының және оның барлық технологиялық желілерінің жарамды күйі | | |
| 19 | Астықты зиянкестермен залалдануына бақылауды уақытылы жүргізуді растайтын құжатты толтыру | | |
| 20 | Сақтаудағы астықтың температурасын бақылауды уақытылы жүргізуді растайтын құжатты толтыру | | |
| 21 | Астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету | | |
| 22 | Астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының немесе астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы | | |
| 23 | Астық қоймасында (элеваторға, астық қабылдау пунктіне) меншік құқығын растайтын құжаттың болуы | | |
| 24 | Үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша мүлікті кепілге салудың жоқтығын растайтын құжаттардың болуы | | |
| 25 | Астықтың кез келген көлемін (мемлекеттік ресурстардың астығын сақтайтын астық қабылдау кәсіпорындары үшін) тиеп-жөнелтуді астық нарығы саласындағы уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжаттың болуы | | |
| 26 | Технологиялық жабдықтың (астық тазалау машиналары, астық кептіру жабдығы), салыстырып тексерілген таразы жабдығы, тиеу-түсіру құрылғылары, көтергіш-көлік жабдығы, жылжымалы көлік жабдығының болуы | | |
| 27 | Сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған ақаусыз жабдықтың болуы | | |
| 28 | Астық сапасын айқындауға арналған, өлшеулер жай-күйі бағалаудан өткен және: типін бекіту мақсатында сынақтардан немесе метрологиялық аттестаттаудан өткен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енгізілген және белгіленген тәртіппен тексерілген зертханалық жабдықпен және аспаптармен (ылғал өлшегіштермен, кептіру шкафтарымен, зертханалық таразылармен, дәнді ұнтақтауға арналған диірмендермен, елеуіштер жиынтығымен, сынама іріктегіштермен, ыдыстармен, ақуыз құрамын, дән маңызының құрамы мен сапасын, құлау санын анықтауға арналған құрылғылармен, астықтың залалдануын анықтауға арналған оптикалық аспаптармен), астық үлгілерін сақтауға арналған сөрелермен жабдықталған өндірістік-технологиялық зертхананың болуы ( зертханадағы өлшеу құралдарының жай-күйі туралы куәліктің көшірмесі ұсынылады) | | |
| 29 | Тиісті білімі бар техникалық басшылардың білікті құрамының болуы | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30 | Тиісті білімі бар техникалық мамандардың білікті құрамының болуы | | |
| 31 | Өткізу режимінің болуы | | |
| 32 | Аумақ қоршауының болуы | | |
| Астық сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар | | | |
| 33 | Зертхананың аккредиттеу аттестатының болуы | | |
| 34 | Сынама іріктеу актілерінің болуы | | |
| 35 | Астық сынамасын тіркеу журналының болуы | | |
| 36 | Белгіленген нысан бойынша сынамалар хаттамаларын немесе тігілген, нөмірленген және зертхана меңгерушісінің қолымен бекітілген сынама нәтижелерін тіркеу журналын толтыру*** | | |
| 37 | Белгіленген нысан бойынша астық сапасы паспорттарын ресімдеу*** | | |
| 38 | Берілген астық сапасы паспорттарының көшірмелерін сақтаудың белгіленген мерзімдерін сақтау | | |
| 39 | Астық сапасы паспортының әрекет ету мерзімі ішінде жөнелтілген және сақтаудағы партияларға буып-түйген және мөрлеген астық сынамаларын сақтау | | |
| 40 | Буып-түйген және мөрлеген астық сынамаларын сапа бойынша келіспеушіліктер кезінде – түсініспеушіліктерді қарауды толық аяқтағанға дейін сақтау | | |

Ескертпе:

* - «Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1676 қаулысы;

** - «Астық қолхаттарының берілуі, айналымы және өтелу қағидаларын, астық қолхаттарының үлгісіне және астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, Астық қолхаттары бланкілерін шығару, сатып алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1395 қаулысы;

*** - «Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 сәуірдегі № 337 қаулысы;

Тексеруді жүргізді

___________ _______________________________________________ _________

(лауазымы) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) – (қолы)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.)

Мөр орны.

Талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда нұсқаманың нөмірі мен жасалған күні көрсетіледі
20 ____ жылғы «____» ______________(№ _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келісемін/келіспеймін) _____________________________ __________________
(Т.А.Ә.) (қолы)

20____ жылғы «____» _______________

Тексерілген __________________ объектісі тексеру қорытындылары бойынша
(объектінің атауы)

мынадай объектілер санатына ауыстырылады («+» белгісімен белгіленеді):

| жоғары тәуекел дәрежесі | орташа тәуекел дәрежесі | төмен тәуекел дәрежесі |
|---|---|---|
| ☐ | ☐ | ☐ |

Органның лауазымды тұлғалары:

_________________________ _______________ ________________________________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

_________________________ _______________ ________________________________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Орган басшысы:

_________________________________________________ ________________________
(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 15-07/124 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 09 сәуірдегі № 01-04-03/39 НҚ бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 19 мамырдағы № 18-03/277 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 маусымдағы № 170 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Нысан

## Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағы

Органның атауы ________________________________________________
______________________________________________________________
Тексеруді тағайындау туралы акті ______________________________
(№, күні)
Субъектінің атауы ______________________________________________
Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі ____________
Субъектінің орналасқан жерінің мекенжайы ______________________
______________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Қойылатын талаптарға сәйкес келеді | Қойылатын талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсететін мақта өңдеу ұйымдары | | | |
| 1 | Мақта қабылдау пунктіне келіп түсетін шитті мақтаға тауарлық-көліктік жүк құжаттарының болуы | | |
| 2 | Белгіленген нысан бойынша мақта шикізатын қабылдау кезіндегі таразы журналын толтыру* | | |
| 3 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаны талдау карточкаларын және шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналын толтыру* | | |
| 4 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы түбіртектерді ресімдеу* | | |
| 5 | Бір күндік жиынтық деректер қабылданған шитті мақтаның әрбір партиясы бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы түбіртектерден күн сайын шитті мақтаның сандық-сапалық есеп кітабына жазу | | |
| 6 | Шитті мақтаны қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына қабылдауды және жөнелтуді салыстырып тексеру актілерінің болуы | | |
| 7 | Белгіленген нысан бойынша мақта талшығын бумалап өлшеуді ресімдеу* | | |
| 8 | Белгіленген нысан бойынша өндірістен түскен қайта өңдеу өнімдерінің есебі журналын толтыру* | | |
| 9 | Белгіленген нысан бойынша қайта өңдеу және дайын өнімнің түсуі туралы есептерді ресімдеу* | | |
| 10 | Тиеп жөнелтуге алынған шешімдердің есебі журналының болуы | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Мақтамен жүргізілген операцияларды көрсететін құжаттарды сақтаудың белгіленген мерзімдерін сақтау* | | |
| 12 | Шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар болуын түгендеудің жүргізілгенін растайтын түгендеу тізімдемелерінің болуы | | |
| 13 | Белгіленген нысан бойынша мақта қолхаттарының тізілімін толтыру** | | |
| 14 | Мақта тазалау зауытынына меншік құқығын растайтын құжаттың болуы | | |
| 15 | Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу шартының болуы | | |
| 16 | Шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы қайта өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдықтың болуы | | |
| 17 | Мақтаның сапасын анықтауға арналған өндірістік-технологиялық зертхананың болуы | | |
| 18 | Шитті мақтаны жинақтауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңның болуы | | |
| 19 | Сынамаларды іріктеуге және шитті мақтаның сапасын анықтауға арналған зертханалық жабдықтың болуы | | |
| 20 | Техникалық басшылардың білікті құрамының болуы | | |
| 21 | Техникалық мамандардың білікті құрамының болуы | | |
| 22 | Өткізу режимінің болуы | | |
| 23 | Аумақ қоршауының болуы | | |
| Мақта талшығына сараптама жүргізетін және мақта талшығы сапасының паспортын беретін сарапшы ұйымдар | | | |
| 24 | Белгіленген талаптарға сәйкес келетін мақта талшығын классерлік бағалауға арналған меншік құқығындағы немесе мүліктік жалдауындағы үй-жайдың болуы*** | | |
| 25 | Мақта талшығының сыртқы түрінің стандартты үлгілерінің бекітілген немесе Қазақстан Республикасында қолдануға жол берілген жиынтығының болуы | | |
| 26 | Автоматтандырылған мақта талшығын сынау жүйесіне функционалды және техникалық қызмет көрсететін білікті мамандардың болуы | | |
| 27 | Тиісті арнайы білімі бар мақта жөніндегі білікті сарапшылардың (классерлердің) болуы | | |
| 28 | Мақта талшығының сынамаларын бумалап іріктеп алуды тіркеу журналын толтыру | | |
| 29 | Мақта талшығының сынамаларын қабылдау журналын толтыру | | |
| 30 | Белгіленген нысан бойынша мақта талшығы сапасының паспортын ресімдеу*** | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 31 | Мақта талшығының сынамалары сынақтан өткізгеннен кейін мақта талшығының иесі партияны тиеп жөнелткенге дейін сарапшы ұйымның зертханасында сақталуы | | |
| Мақта сапасын сараптау жөніндегі аккредиттелген зертханалар | | | |
| 32 | Зертхананың аккредиттеу аттестатының болуы | | |
| 33 | Сынама іріктеу актілерінің болуы | | |
| 34 | Белгіленген нысан бойынша мақта шитінен іріктеп алынған сынамаларды тіркейтін журналды толтыру* *** | | |
| 35 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді тіркеу журналын толтыру**** | | |
| 36 | Белгіленген нысан бойынша шитті мақтаның сапасы туралы куәліктерді түсінікті етіп және түзетулерсіз ресімдеу**** | | |
| 37 | Шитті мақтаның сапасы туралы берілген куәліктердің көшірмелерін бір жыл сақтау | | |
| 38 | Сапа туралы куәліктің әрекет ету мерзімі ішінде тиеп жөнелтілген және сақталудағы партияларға шитті мақтаның сынамаларын сақтау | | |
| 39 | Сапа бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда – тиеп жөнелтілген және сақталудағы партияларға шитті мақтаның сынамаларын сақтау келіспеушіліктерді қарау толығымен аяқталғанға дейін сақталады | | |

Ескертпе:

* - «Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 773 қаулысы;

** - «Мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 1602 қаулысы;

*** - «Сарапшы ұйымға қойылатын біліктілік талаптарын және Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығы сапасының паспортын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы № 1173 қаулысы;

**** - «Шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапасы паспортының нысанын (үлгісін) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 868 қаулысы.

Тексеруді жүргізді ____________________ _________________ ______________

(лауазымы) (Т.А.Ә.) (қолы)

Мөр орны

Талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда нұсқаманың нөмірі мен жасалған күні көрсетіледі

20 ____ жылғы «____» _______________ (№ _____)

Тексеру нәтижесімен таныстым (келісемін/келіспеймін) ____________________________ ___________________

(Т.А.Ә. ) (қолы)

20____ жылғы «___» ________________

Тексерілген _______________________ объектісі тексерудің қорытындылары (объектінің атауы) бойынша мынадай объектілер санатына ауыстырылады («+» белгісімен белгіленеді):

| жоғары тәуекел дәрежесі | орташа тәуекел дәрежесі | төмен тәуекел дәрежесі |
|---|---|---|
| ☐ | ☐ | ☐ |

Органның лауазымды тұлғалары:

_____________________________ _____________ ______________________________

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

_____________________________ _____________ ______________________________

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Орган басшысы:

________________________________ ________________________________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК